

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰРПАҒЫ – ОТАНШЫЛ ЖАСТАР

Қожахметова А.М.

*Ел болам десең, бесігіңді түзе.**(Мақал)*

Қазақстанда тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы. Адамның тыныш, бақытты өмір сүруі көп жағдайда Отанға деген сүйіспеншілігіне байланысты. Отанын сүйе білген, Отанын көркейту үшін аянбай еңбек еткен адамда үй-жай, құрмет, қызмет, алға жетелейтін арман да болады. Отан адамның туып-өскен жерінен басталады. Әркімнің туып-өскен ауылы, қаласы – оның кіші Отаны. Ол – үлкен Отанның, Қазақстан Республикасының құрамдас бөлігі. Міне, осы қасиетті қазақ жерінің тәуелсіздік алғанына да жиырма жыл толды. Осы өткен 20 жыл ішінде толыққанды мемлекет болу үшін қыруар жұмыстар атқарылды. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз арман етіп, бірақ қол жеткізе алмаған нақты істер жүзеге асырылды. Біздің ел әлем танытын мемлекет болды. Ел ішінде тұрақтылық, келісімділік орнады. Осы өткен жиырма жылдың ең басты жетістігі – елдің берекелі бірлігі, қоғамдағы саяси және әлеуметтік тұрақтылық. Бұл – көптің көзі жетіп отырған шындық. Өйткені Қазақстан ынтымағы жарасқан ел ретінде әлемге танымал болып отыр. Осының бәрі өздігінен бола қойған жоқ. Еліміздің тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың, Парламенттің, Үкімет мүшелері, елшілер, ел ішіндегі құзырлы мемлекеттік орындар өкілдерінің ұйымдасқан үлкен еңбегінің жемісті нәтижесі болды. Үлкен мемлекеттік саясатты халық та қолдады. Миллиондаған халық армандайтын ұланбайтақ жеріміз бар. Елдің ішкі, сыртқы мүмкіндігін ұйымдастырып ел мүддесіне, игілігіне жұмылдыруға қабілетті мемлекеттік институттарымыз бен білімді азаматтарымыз бар. Барлық ұлттардың келісіммен, тату-тәтті өмір сүруін қамтамасыз ете алатын Президенттің ұлт саясаты – уақыт сынынан өткен салмақты саясат. Бірақ бұл үнемі назар аударуды талап етіп отыратын өте күрделі жұмыс.

Тәуелсіздікті нығайтудың басты шарттарының бірі елдің бірлігін, халықтың ынтымағын, өзара туыстығын, бір-бірін сыйлауын қамтамасыз ету болып табылады. Мұны жүзеге асырудың бірден-бір жолы – жас ұрпақты ұлтына, жынысына, түр-түсіне, діни сеніміне, жас ерекшелігіне бөліп қарамай, олардың ортақ Отаны – Қазақстанға деген ыстық ықыла-

сын, сүйіспеншілігін, құрметтеу-қастерлеу сезімін қалыптастыру керек. Бұл – жастардың еліне, жеріне, ортақ үйі – Отанына шексіз берілгендігін, патриотизмін қалыптастыру болып табылады. Мұнсыз елдің болашағы бұлыңғыр. Өсіп келе жатқан жас ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелеудің, оған деген махаббатын оятудың мәні зор. Бұл сезімді қалыптастырмай, елдің мәртебесін ұлықтай білу мүмкін емес. Бұл сезім адам баласының бойына туа біткен қасиет емес, ол бір күннің, бір жылдың жемісі емес. Ол тәрбие арқылы балабақшада, отбасында, мектепте, жоғары оқу орнында, жұмыс істеген ұжымда, бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік ортада қалыптасады. Осы орайда, белгілі жазушы-жауынгер Бауыржан Момышұлының сөздері еріксіз есіме түседі: «Отанға сүйіспеншілік – әрбір азаматқа керек ұлы қасиет. Өз Отанын, өз халқын сүймейтін адамдар елінің қорғаны бола алмайды. Отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе, сол адам отаншыл болады». Отанды сүю ұғымы көп мағынаны білдіреді. Отанды сүю қолға қару алып, оны қорғаумен ғана шектелмейді. Оның мазмұны кең, құрамдас салалары жеткілікті. Мәселен, Отан, халық, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезіну де отансүйгіштіктен туындайды. Жауапкершілігін, өз парызын жете білмейтін азаматтың шын патриот болуы екіталай.

Қазіргі таңда «отаншыл» деген ұғыммен бірге «ұлтшыл» деген ұғым қоса айтылып жүр. Патриотизм, отансүйгіштік ұлтшылдық сезіммен өзектес емес пе, егер де патриоттық сезім жетпей жатса, ол ұлт мәселесіне қатысты болғаны ма? «Ұлтшыл», «ұлтшылдық» деген ұғымдарды біз қалай түсінеміз? Осы сөздің мағынасына жете алдық па? Өткен қоғамда, бүгінгі қоғамда бұған қандай мағына беріп келеді? Бір ғасырға жуық қоғамның санасына сыналап сіңірілген, күштеп нығыздалған бұл туралы теріс көзқарастан толық арылдық па? Кеңес Одағы кезінде ұлтшыл болу қорқынышты болды. Ұлтшылдармен арнайы күрес жүргізілді. Біз тәуелсіздік алғанға дейінгі сол қо-

ғамда «ұлтшыл» адамның хәлі мүшкіл болған, ондай адам қоғамның жауы деп танылған. Ұлтшыл болғандығынан, әсіресе, өткен ғасырда біздің қаншама зиялылығымыз жапа шекті. Жазықсыз жазаланды.

Қазірдің өзінде «ұлтшыл» деген сөзді біздің қоғам «жағымды ұғым» деп қабылдай бермейді. Өйткені, бізбен бірге әр түрлі ұлттар өмір сүреді. Олар басқаша ойлауы мүмкін. Әрине мәселе жағымды немесе жағымсыздықта емес. Ұлтшыл адамды қоғамның, қоршаған ортасының түсінуі, түсінбеуінде, қолдау, қолдамауында. Шындап айтсақ, ұлтшыл болсаң еліңе, халқыңа қызмет етесің деп ешкім оның маңызын түсіндіріп жатқан жоқ. Біздің қоғам әсіресе ұлт мәселесіне келгенде тым «қырағы». Ол да ескерілетін жағдай. Ал бұл ұғымның өзегі ең алдымен қазақтың ұлттық мүдделерімен байланысты. Бұрынғы қалыптасқан ұғым бойынша және тарихта біздің бастан өткізген кезеңдерде, оқиғаларда өз ұлтын басқа ұлттан жоғары қойып, басқа ұлтты жай төмендетумен шектеліп қоймай, оны ұлт ретінде жойып жіберуге дейін ұмтылғандарды кімдер дейміз? Қазіргі заманда да үстемдікке ұмтылатындар аз ба?

Ал бүгінгі жаңа мемлекеттік жағдайымызда ұлтшыл деп кімді айтамыз? Ұлтшыл болу үшін не істеу керек? Біздің түсінуімізше, ұлтшыл деген ұғым – ұлтын сүю, ұлтына қызмет ету. Бұл – жаңа көзқарас, жаңа ұғым. Қазақ үшін ұлтшылдықтың мазмұны өз ұлтының терезесін басқа ұлтпен, өркениет жолымен теңестіру. Міне, осы тұрғыдан ұлтшыл болу керек. Сондықтан, жалпы ұлт мәселесі қоғамның қай кезінде де өткір, әрі ең сезімтал мәселесі болған. Қазақтың бойында өз ұлтына деген ұлтжандылық та, ұлттың мәртебесін көтеруге деген қабілеттілік те, қуат та жеткілікті.

Ұлт мәселесі – қоғам жүрегінің күре тамыры. Қазақтың зарын, көрген қағажу, қорлығын айтқан адамдарды немесе ұлтымыздың мүддесін қорғап, көзінің қарашығындай сақтап жүретін, оның мәртебесін көтеріп, рухани, ұлттық бостандық сезімінде өмір сүру жолында еңбектенетін адамды жақсы мағынада ұлтшыл десе болар еді.

Қазақтың екі қанаты бар. Біріншісі – тілі болса, екіншісі – жері. Қазақстанның көпұлтты мемлекет болуы – тарихи, ұзақ жылдар қалыптасқан жағдай. Оның үстіне Қазақстанның геосаяси орналасуы да, яғни Еуразиялық үлкен көпір болуы болашақта халқымыздың өркендеуіне оң ықпалын тигізеді. Сондай-ақ,

мұндай құрам Қазақстанды ешқашан төмендетпейді. Қазір де, болашақта да көпұлттылық көптеген мемлекеттерге тән құбылыс болмақ. Табиғи жолмен халықтың араласуы да еркін қарым-қатынас нәтижесінде болады. Мұндай көпұлтты сипатымыз – әрі рухани байлығымыз, әрі жетістігіміз, әрі барлық қиындығымыз да осымен байланысты. Бір жағынан, қазақтың өсіп-өркендеуі, екінші жағынан, кейбір ұлттық салт-сананың өзгеріске ұшырауы, әсіресе, тіліміздің өрісінің дами алмай жатқандығы да сондықтан. Әрине, бірнеше ұлттардың өкілдері бір мүдде, бір мақсатпен қатар өмір сүріп жатқанда олардың сол ағымдарға байланысты ортақ көзқарастарының қалыптасуы да заңды құбылыс [1].

Біз осындай жағдайда өз ұлтымыздың мүддесін, ұлттық ізгі қасиеттерін, тілімізді сақтаудың заңдық, құқықтық аясын сауатты тұрақтандырып, мемлекетіміздің біздің ұлттың атымен аталатындығын тұғырлы көрсеткіш етуіміз қажет. Ол ең алдымен біздің елдік бірлігіміз бен мемлекеттік тұтастығымыздың қуаттығымен байланысты. Ұлт болудың өзіндік белгілері бар. Ол – діні, тілі, ділі. Ұлттық белгілері бар әрі олар болашақтың да үлесі болуы тиіс. Сол ұлттық ерекшеліктерді сақтап, дамытып, күшейтіп, кейде салғырттықпен жоғалтып та жатқанымыз бар. Тіл тағдыры – халық тағдырының айнасы. Тілдік орта, тілдің пайдалану аясы, сұранысы, талап етілуі төңірегінде әңгіме, дау, пікір де жеткілікті. Көп айтылып жүрген жайттарды қайталамай-ақ қояйық. Ең алдымен, қазақтың тілге байланысты сана-сезімі. Қаладағы, даладағы бүкіл қазақ ұлтының өзінің ана тілінде сөйлеуі мен сөйлемейді. Қазақтар өз тіліне өздері жауапты екендігін сезінуі тиіс.

Дінінен безіп, тілін білмейтіндер ұлты үшін жанын пида ете ала ма? Отансүйгіштік ұлттық сезіммен өзектес екені сөзсіз. Мұның бәрі – адамның табиғаты мен тәрбиесіне, оның сапасына байланысты жағдайлар. Тіл – адамның құралы. Тіл ана сүтімен беріледі. Анасы баласына қай тілде сөйлесе, баланың тілі де сол тілде шығады. Дін де тәрбие, өнегемен келеді. Әрине, дін дүниетанымдық құбылыс. Егер біз жас ұрпаққа өз ұлтына деген сүйіспеншілікті тәрбиелей алмасақ, болашақта жастардан не талап етуге болады? Қазіргі заманның мазмұны мен дамуына, қоғамдық қарым-қатынастардың ерекшеліктеріне сәйкес, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Әлемдік бәсекелестік май-

данында бәсекеге тұра алар ұлт болуымыз қажет. Қандай әлемдік рухани, экономикалық, саяси, мәдени талас-тартыстарда қазақтың қабілетін, бәсекеге лайықтығын көрсете алсақ, ұлтты ұлықтау деген сол болады. Жанпидалық та осындай дайындық дәрежесінен туындайды. Біз неғұрлым дүниежүзілік қоғамдастыққа тығыз араласқан сайын, соғұрлым өз елің, өз ұлтыңа деген жүрегің айрықша тартымдылықпен соғатын болады. Байқап қарасақ, шет елдерде оқып, қызмет етіп жүрген жастардың өз Отанына патриоттық түйсігі де сезімталдау болады», – деген болатын.

Қазақстандағы барлық ұлттардың тең жағдайда тұрып, тұрмыс құру жауапкершілігін негізгі ұлт, үйдің иесі – қазақтар алғаны дұрыс. Бірақ, бұл – қазақ өзі кенже қалсын деген сөз емес. Басқа ұлтқа да әділ талап-тілекті айтып, түсіндіру қажет. Олар да сыйласымдылыққа ұмтылуы керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстанның болашағы – идеялық бірлігінде» еңбегінің «Идеялық топтасуға қарай» деген үшінші бөлімінде: «Біз үшін өзекті идеологиялық міндет – ұлтаралық бірлікті қамтамасыз ету ... Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек», – дей келе: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – халқымызды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру» деп атап айтқан. Мұнда сонымен қатар шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты бойға сіңіріп, қалыптастыруға, өз Отанын саналы түрде таңдауға тәрбиелеу... Елдің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеу, заңды өкіметті құрметтеу керек екендігі, сондай-ақ, идеялық бірігудің жұмысы арнасында қоғамда жоғары тіл мәдениетінің орнығуы тиіс екендігі айтылған.

«Тәрбие басы – тал бесік» деген мақалдың тамырына бір сәт үңілсек, сол көп салалы тәрбиенің ең бастысы: отбасында – отанды сүйетін, адамгершілігі мол, еңбекқор, өз Отанына, халқына адал қызмет етуге дайын саналы да сапалы азамат тәрбиелеу. Сонымен бірге қазақтың әрбір ұл-қызы өз халқының тегін, тарихын білгенде ғана нағыз патриот бола алады. Осы орайда, еліміздің мемлекеттік нышандарын, олардың терең мағыналық сипатын

біліп, қастерлеу – халықты бауырмалдыққа, сүйіспеншілікке біріктіреді, бірлікке, ынтымаққа, еңбекке жұмылдырады, намыс-абыройын сақтауға, патриоттық рухын көтеруге шақырады деген тұжырымдар менің санамда берік орын алады.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің басты мақсаты – Отанның лайықты шын ұлдарын қалыптастыру болып отыр.

Сонда Отанның бұл нағыз ұлдары кім? Оған кімді жатқызамыз? Бұл сауалға кезінде орыстың ұлы революционер жазушысы Александр Радищев жауап берді. Оның «Отанның ұлы бар екендігі туралы әңгіме» («Беседа о том, что есть сын Отечества») атты мақаласы 1789 жылы жарық көрді, оның атақты «Петербургтан Мәскеуге саяхат» атты еңбегінен бір жыл бұрын жарияланды. «Отанның шынайы ұлы кім, бұл атаққа кім лайық?» деген сауалға ол: «ерікті, еркін азамат лайық. Ал басыбайлы құл да, оның қожасы да Отанның нағыз ұлы бола алмайды», – деп жауап береді.

Отанның нағыз ұлы – бұл намысшыл (честолобив), инабатты (благонамерен) және мейірбан (благороден) болуға тиіс. Намысшылдық адамның өзіне деген құрметінен, өзі өмір сүретін қоғамдағы әділетке ұмтылуынан көрінеді. Инабаттылығы оның өз Отанының игілігі үшін, өзін жетілдіре, кемелдендіре түсуімен өлшенеді. Мейірбандығы кез-келген игі іс-қимылынан, әрбір жанға деген игі қарым-қатынасынан танылады.

Отанның азаматтарының бәрі бірдей оның ұлы бола алмайды. Құлдық қамытын кигендер оған лайық емес. Отанның перзенті деген мәртебелі атақ адамға ғана тиесілі, хайуанға, малға, не тілі жоқ жан-жануарға қатысы жоқ екені әркімге-ақ белгілі.

Адам бостандық үшін жаратылған, оның еркіндігі жақсылықты таңдауынан көрінеді, өйткені ол жақсылықты жақсы сезінеді, оны ақылдың көмегімен түйсінеді. Әдетте ол әрдайым әсемдікке, ұлылыққа, биікке ұмтылады.

Бұл қасиеттерден мақұрым қалғандар, осы түйсіктері сөнген жандар «Отанның ұлы деген мәртебелі атақты иемденуге қажысы бар ма?» деп сауал қояды да, оған өзі былай деп жауап береді:

- Ол адам емес, бірақ кім дейсіз ғой. Ол малдан жаман, одан да төмен, өйткені малдың өзі де өз заңымен жүреді, одан алыс кетпейді. Бірақ жануарларға, малға ұқсас пенделер де болады. Күштеусіз және үркітусіз ештеңеге аяқ баспайды, бұлар жүк көлігі секілді, өмір

бойы арбаға жегілуге жаралған, ал оның бұл құлдықтан құтылуға үміті де жоқ. Бұл жандар атқа тиесілі жемді жеп, сондай соққыны көтеруге мойынсұнған.

Азаптан құтылудың өлімнен басқа жолы жоқ, сол ғана бейнет пен тозақтан құтқарады деп түсінеді. Кейде ғана ауыр қайғы бойын билеп, өз тағдырына қарғыс айтып, одан азат болуды аңсайды.

Адам – пенде екенін есте ұстағаны абзал. Мынау буырқанған заманда адам болудың өзі, жарық дүниеде адам болып қалудың өзі – үлкен жетістік. Адам болып туып, хайуан боп дүниеден өту – үлкен күнә. Сондықтан да әрқайсымыздың адамдық қалпымызды сақтай білуіміз қажет. Осыны әрдайым есте ұстайық [2].

Халқымыз кір жуып, кіндік кескен атамекенін аялап, елінің тілі мен мәдениетін, әдебиеті мен тарихын, біртуар аяулы перзенттерін мақтан тұтып, қадірлеп, қастерлеуді ұрпағына аманат еткен.

Қазақ елі – біздің Отанымыз, атамекеніміз. Оны қастерлеп, қадірлеп қадір тұтқан адам ғана есейе келе туған халқы мен ел-жұртын, атамекенін шын көңілімен сүйетін болады. Өйткені халқымыз «Отан – от басынан басталады» деп бекерге айтпаған. Ата-анасын, өз үрім-бұтағын жанындай жақсы көріп сүймеген баланың ел-жұртын, халқы мен ұлтын сүйетін толыққанды азамат болуы екіталай. Ұлтжанды кісінің имандылық, адамгершілік қасиеттері оның достарына, ата-анасына деген көзқарасынан да жақсы байқалады. Қазақ елінің кез-келген перзенті жұмыр жердің қай бұрышында жүрсе де өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқынан өз ұлты мен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба басқандай айқын байқатып отыруы тиіс. Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей болғаны жөн.

Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсыз да Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді өзіне жайлы мекен санайды.

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Бірінді қазақ, бірін дос көрмесең, істің бәрі бос» дейді кемен-

гер Абай. Түйсігі бар адамға осыдан артық айтылар ақыл болмас. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз. Үш ғасыр бойына кісі қолына телмірген қазақ халқы бар мүддесін тек осы бастан кешіп отырған қазіргі кезеңде ғана, өзінің байырғы мекені – Қазақстанда ғана толығымен жүзеге асыра алады. Ендеше, қазақ баласы, қайда туып, қайда жүрсе де, ертенгі ұрпағының болашағын өз атамекенімен тығыз байланыстырып, бүгінгідей әлемдік деңгейдегі мүдде түгендесу кезеңінде туған топыраққа деген сүйіспеншіліктерін дәлелдеп, жас тәуелсіздіктің бұғанасын бекітіп, қабырғасын қатайтуға тікелей атсалыспағы шарт. Біздің мақсатымыз – сапалы ұлт, сапалы, өркениетті мемлекет, гүлденген Қазақстан. Олай болса, отаншыл бол, қазақтың жас ұрпағы!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: «Елорда», 2005.
- 2 Қалмырзаев Ә. Ұлттық идея. – Астана: «Елорда», 2007. – 209-210 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Өзекті ойлар. – Алматы: «Мектеп», 2003.
- 4 Абдрахманов С. Азамат. – Астана: «Елорда», 2009.
- 5 Шаймерденов Е. Елтаным. – Алматы: «Экономика», 2005.
- 6 Бегманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты. – Алматы: «Өлке», 2010.
- 7 Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Алматы: Ел-шежіре», 2008.
- 8 Айталы А. Байсалды ел байқаусыз қате жібермес. – Алматы: «Таймас», 2008.
- 9 Кеңбейіл М. Замандастар заңғары. – Алматы: «Арыс», 2009.
- 10 Серикбаева К. Казахстан. – Алматы: «Flint River Press»6, 1995;7.
- 11 Әбжанов Х., Кенжебаев Ғ. Тәуелсіз Қазақстан: Жоғары білім, ғылым, саясат. – Алматы: «Баспалар үйі», 2009.

Резюме

Целью данной статьи является формирование казахстанского чувства патриотизма у будущего поколения независимой страны.

Conclusion

The goal of the article is to define Kazakhstani sense of patriotism among future generation of the independent country